

# І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

май Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Совхоздар егіс жоспарын орындады

Солтүстік Қазақстан совхоздар тресінің барлық совхоздары дәнді дақылдар және дәнді бұршақты дақылдар егісі жоспарын орындады. Негізгі азықтық дақыл — жазғы бидай егісі 105 процент орындалды.

Барлық егіс жұмыстары агротехникалық жоғары дәрежеде орындалды. Егістің оннан тоғыз бөлегі жақсы жұмысталған пармен зябьке егілді. Егіс көлемінің бестен екі бөлегіне тұқым тоныспалы әдіспен себілді, бұл өткен жылғыдан 10,500 гектар

артық. Егін өнімін арттыру шаралары кеңінен қолданылды. Барлық тұқым күн көзіне жылытылып алынып себілді, тұқымның өнгіштігін арттырудың басқа әдістері де қолданылды.

Егісте механизаторлар шешуші роль атқарды. Тракторшылардың жартысынан көбі нормаларын 1,5—2 есе орындап отырды. Әсіресе, Киров совхозында Социалистік Еңбек Ері Коробов жолдастың бригадасы тамаша табысқа жетті. Қазір 120 қуатты трактор колхоздарға көмекке кетті.

## Баралық е болсын

жұмыстағы инициатива болмайды. Аудандық атқарушы елордалық Советтерге басшылық ұсақ қамқоршылықпен жұмысының жақсы нәтижесін жыйнақталмай-ақ татылмайды.

Советтердің алдында өзінің мінсіз орындалуы үшін ұйымдық-баралық іс-әресіне тілеккей байланыстырылған әрбір Совет жоспармен жүргізілуіне сессиялардың деркезінде және онда колхоз, совхоз ұстазына негізгі мәселелеріне жетісу қажет. Әрбір ұстаз бәрі мәжілістесумен жұмыс тумасқа тиіс, совет жұмыстарына да көңіл бөлуінен өзі түсінікті.

Совет ұйымдары мен жоғарғы органдарының директиваларын тығыздықпен ұйымдастыруға мүмкіндік берілуі тиіс. Бұл үшін мүмкіндік барлық жағдайларда әрбір Советте көптеген жұмыс істейтін және тұрақты комиссиялар мен комитеттерін құруға белсенділіктері

## Совет Одағының жас өспірім пионерлеріне

В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының отыз жылдығы күні жас өспірім пионерлер мен мектеп оқушыларын шын жүректен құттықтаймын.

Пионерлер мен мектеп оқушыларының сау-сәлемет болуына және оқуда, еңбекте, қоғам жұмысында табыстарға жетуіне тілектеспін.

Пионер ұйымы алдағы уақытта да пионерлер мен мектеп оқушыларын адал лениншілдер, ұлы Отанымыздың шын берілген ұлдары етіп тәрбиелей берсін.

И. СТАЛИН.

Москва, Кремль

## Иосиф Виссарионович СТАЛИН жолдасқа

Қымбатты Сталин жолдас!

Владимир Ильич Ленин атындағы пионер ұйымының 30 жылдығына арналған салтанатты жыйналысқа қатысушылар біздің сүйікті көсеміміз және ұстазымыз, Сізге, жалынды сүйіспеншілігінің, шексіз берілгендігі мен зор алғысының сөздерін арнайды.

Сізге, қымбатты Сталин жолдас, жас ұрпақ коммунист партиясының, Совет мемлекетінің, бүкіл халықтың зор сүйіспеншілігі мен қамқорлығына бөленген социализм елімізде өмір сүретіндігіміз және жұмыс істейтіндігіміз үшін міндеттіміз. Балалар жөнінде, балаларды тәрбиелеу және өсіру жөнінде біздегі, Совет Одағындағы сыяқты қамқорлық ешқайда да жоқ.

Совет балалары дендері сау әрі жарқын жүзді, мәдениетті және білімді болып өседі. Дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы совет мектебі пионерлер мен мектеп оқушыларын тәрбиелеу және оқыту жөнінде қажырлылықпен жұмыс істеуде. Коммунист партиясы, совет өкметі, Сталин жолдас, Сіз тәрбиелеп өсірген халық мұғалімдерінің армиясы өздерінің барлық күш-жігері мен білімін коммунизмнің болашақ құрылысшыларын даярлаудың игілікті ісіне жұмсауда.

Советтік Отан жас ұрпаққа оның рухани күштерінің, қабілеттіліктері мен таланттарының барлық жағынан гүлденуі үшін қажеттің бәрін жомарт қолмен береді. Пионер сарайлары мен үйлері, пионер лагерлері, стадиондар, спорт алаңдары

## Егіс жоспары таяудағы күндерде орындалатын болсын!

☆ ☆ ☆

## Тракторлар тиімді пайдаланылмайды

Калинин атындағы МТС (директоры Гаврищук жолдас) көктемгі дала жұмыстарына нашар әзірленді. Аудан МТС-терінің барлығында дерлік егіс жұмыстары басталып жатқанда бұл МТС-те 10-ға жуық трактор жөндеу күтіп мастерскойда тұрды. МТС басшылары бұл тракторларды дереу жөндеп, жұмысқа қосудың нақты шараларын белгілей алмады. Ол-олма, жөндеуден өткен тракторлар мен тіркеу саймандары егістің алғашқы күндерінен бастап жұмыс үстінде сынып қала берді. Мұның өзі МТС қамтуындағы колхоздардың қай қайсысында болсын жұмыстың баяу және сапасыз жүргізілуіне әкеліп соқты.

Пікірімізді дәлелдеу үшін фактілер келтірейік. МТС қамтуындағы ауылшаруашылық артельдерінің бірі — Стаханов атындағы колхоз. Мұнда 16 трактор бар. Оның 9-шыңжыр табанды тракторлар. Егер осы тракторлар түгелдей өнімді жұмыс істеген болса, аталған колхоз егіс жұмыстарын қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде аяқтаған болар еді. Бірақ, бұл болмай отыр. Өйткені мұндағы машина-трактор паркі

күн сайын 60—70 гектардан гана жер жыртылып, 100 гектардай жерге тұқым себіліп жүр. Мұны өнімді жұмыс істеген 4 трактормен гана атқаруға болады. Демек, мұнда тракторлардың үштен бірі гана жұмыс істеп жүр.

Тракторларға кезінде техникалық күтім жасалмайды. Осының салдарынан тракторлар жұмыс үстінде көп тоқтайды. Колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін № 13 трактор бригадасында (бригадирі Банин жолдас) 17 майда 5 трактордың біреуі гана жұмысқа қосылды.

Қорытып айтқанда МТС қамтуындағы колхоздардың қай-қайсысында болсын егіс жұмыстары әрі баяу, әрі сапасыз жүргізіліп келеді. Оның себебі — барлық колхоздарда тракторлар өнімсіз жұмыс істейді. Ал, МТС тракторлардың жұмысқа түгел қосылып, олардың смена сайын өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмай отыр. Жоғарыда тракторлар техникалық жағынан жарамсыз болғандықтан жұмыс үстінде сынып әлсін-әлсін тоқтай береді дедік. МТС басшылары сыныптан тракторлардың уақытылы жөндеу жұмысқа қосылуын жүзеге асыра алмай